

"Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" Меркі аудандық мәслихатының 2012 жылдың 16 мамырдағы № 5-6 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

Күшін жойған

Жамбыл облысы Меркі ауданы мәслихатының 2013 жылғы 4 сәуірдегі № 12-7 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 сәуірде № 1930 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Меркі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 мамырдағы № 3-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Меркі аудандық мәслихатының 20.05.2016 № 3-5 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Агроенеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 5 тармағына және "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" Меркі аудандық мәслихатының 2012 жылдың 16 мамырдағы № 5-6 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6-6-111 болып тіркелген, 2012 жылғы 15 маусымдағы № 74 "Меркі тынысы" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармақтағы "2 000 (екі мың)" теңге деген сан "3 000 (үш мың)" теңге деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық, аграрлық, шағын және орта бизнесті дамыту, бюджет пен салық жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен

бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрагасы
F. Қажығалиева*

*Аудандық мәслихат
хатшысы
I. Ахметжанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК